



«Саусақ ойындары»



«Сұнкар» кіші тобы

Тәрбиеші: Стәева Ш.Т.

Шымкент 2022-2023г

Саусақ ойындары

Балалар іс - әрекетінің түрі: ойын, шығармашылық, коммуникативті, танымдық-зерттеу, әлеуметтік-эмоцияналды дағдыларды менгеру.

Мақсаты: Алақан арқылы салынатын суреттің түрлерімен таныстырып, салу жолдары туралы түсініктерін кеңейту. Ұсақ қол моторикаларын дамыту. Саусақ ойындарын қолдану арқылы балалардың тілдерін дамыту, танымдық, шығармашылық қабілеттерін жетілдіру. Баланың ойын кезіндегі қимыл – қозғалысы, дене бітімін жетілдіру, мінез-құлық әдептерін бекіту. Ұжыммен жұмыс істеуге тәрбиелеу, денсаулық шараларын дамыту.

Мектепке дейінгі білім берудің пысансалы бағдарлары: әнгімелесуді қолдай алады, өз көзқарасын білдіре алады; жағымды эмоцияларды (қызығушылық, қуаныш, таңданыс) білдіреді; өзіне-өзі қызмет көрсету дағдыларын менгереді, балалардың бейнелеу іс-әрекетіне қызығушылық танытады.

Ұйымдастырылған іс-әрекет барысы

Тәрбиеші: Балалар, бұғін мен сендерді «көңілді серуендеуге» шақырғым келеді. Біз жалғыз емес, саусақтарымызбен бірге барамыз.

- Саусақтарымыз қайда? (Балалар саусақтарын көрсетеді)
- Бірақ алдымен саусақтарымызды жаттықтырайық. (Балалар тәрбиешімен бірге қайталайды)

<https://youtu.be/2jDAhLmyrgw>

(Саусақтар әнінің қосу)

Тәрбиеші: Ал балалар енді жолға шығайық!

"Үлкен аяқтар жолда жүрді" ойыны



Тәрбиеші: міне, біз жүрдік, жүрдік және келдік.

- Ой балалар мұнда кім отыр? (Ойыншық баланы көрсетеді)



-Иә балалар бұл Асқар

-Ол көнілсіз отыр. Оған біздің көмегіміз қажет.

-Мына түрлі-түсті асықтарды түстеріне қарай қорапқа жинай алмай отыр екен. Көмектесеміз бе?



Мына асыктарды түстеріне қарай мына қораптарға салайық.
Тәрбиеші: Балалар кірпі бізге осында тікенді шарларды дайындал қойыпты.
-Жарайсындар балалар! Асқар бізге алғысын айтып жатыр.
-Балалар біз ары қарай серуенімізді жалғастырайық.

Тәрбиеші:

-Балалар мұнда атай мен әжей отыр екен. Не болған сұрайықшы. Атай-әжей бауырсақтың көніл-күйін қалай көтерсек екен деп отыр екен?
Балалар біз бауырсақпен бірге Сергіту сәтін жасайық.
Нәйім-нәйім баырсақ.
Ағын суға шомылсақ.
Жағасында гүл теріп,
Көбелектей жүгірсек.
-Міне балалар бауырсақтың да көніл-күйі көтерілді.
-Балалар бұл қай ертегі? Кейіпкерлерін атайдышы?
-Жарайсындар!
-Ал енді балалар мына тұрған құмға бауырсақ бейнесін салайықшы.



Тәрбиеші:

-Жарайсындар балалар!
-Ал балалар енді топка оралайық
"Үлкен аяқтар жолда жүрді" ойыны өткізіледі
Бүгінгі саяхатымыз сендерге ұнадыма?
(Балаларды мактап мадақтайды)



Scanned by TapScanner



Scanned by TapScanner